

Сейіт Касқабасов



ПРЕЗИДЕНТ
ЖӘНЕ
Мәдени мұра

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ ФЫЛЫМ КОМИТЕТИ М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН КОМИТЕТ НАУКИ ИНСТИТУТ ЛИТЕРАТУРЫ И
ИСКУССТВА ИМЕНИ М.О.АУЭЗОВА**

Сейіт Қасқабасов

**ПРЕЗИДЕНТ
ЖӘНЕ
МӘДЕНИ МҰРА**

**Алматы
2010**

УДК 821.0
ББК 83.3 (5 Қаз)
Қ 43

Қасқабасов С.А. Президент және мәдени мұра. Алматы:
«Алматы баспа үйі» ЖШС, 2010. – 128 бет.

ISBN 978-601-7038-83-0

Бұл кітапшаға тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің рухани өміріндегі елеулі оқиға – «Мәдени мұра» үлттық стратегиялық жобасы бойынша жүзеге асырылып жатқан ауқымды істердің мән-жайы мен нәтижелерін баяндайтын академик С.А.Қасқабасовтың ғылыми – танымдық мақалалары мен сұхбаттары топтастырылды. Халықтың ғасырлар бойы рухани қазынасын қайта тану, ел ішінде тарату мен жаһандану үрдісінің келеңсіздіктеріне қарсы үлттық рухтың тірегі ретінде пайдалануды қөздейтін ой-пікірлер топтамасы ұлт мәдениетінің тарихын танығысы келетін көпшілік оқырманға арналған.

ISBN 978-601-7038-83-0

© С.Қасқабасов, 2010
© “Алматы баспа үйі” ЖШС, 2010

ПРЕЗИДЕНТ НАЗАРЫНДА – МӘДЕНИ МҰРА

Қауіп етеріміз – науқаншылық

Қай халық болса да өзінің өміріне тұрмыс-тіршілігіне қажетті пайым-түсінігіне сай мәдениет жасайды. Мәдениеттің материалдық та, рухани да түрі елдің қоғамдық дамуына байланысты өзгеріп, дамып жаңарып отырады. Қазақ жұрты да өзінің ұзақ тарихында кезең-кезеңге сәйкес мәдениет жасап отырған. Бұрынғы сақ, ғұн, үйсін, түркі бабаларымыздан бастап, бүгінгі ұлтымыздың мәдениетіне шолу жасасақ алуан түрлі мұрамыз және қазіргі заманға лайық түрлері көп мәдениетіміз бар екеніне көз жеткіземіз. Әсіресе, өмір салтының ерекшелігіне байланысты рухани мәдениетіміз өзіндік сипатта болғаны белгілі. Ол ауызша туындалап, ауызша орындалып ауызша тараған. Сейтіп атадан балаға, үрпақтан үрпаққа мирас болып, бір дәүірден екінші дәүірге көшіп отырған. Жай ғана көшіп қоймаған, әр дәуір сайын толысып, толығып, жетіле түскен, үнемі баю, даму үстінде ғұмыр кешкен. Мұндай есکі мен жаңаңың біртұтас дүниеге айналған қадамы, бір жағынан, алғашқы нұсқада сақталса, екінші жағынан, өзгеріске жаңғыра ұшыраған, үшінші жағынан, соны мәдениеттің негізін қалаған әрі ажырамас белігіне айналған. Екінші сөзбен айтқанда, рухани мәдениеттің өз ішінде күрделі процесс жүріп жатқан, сондықтан мәдениет кей түстарда қоғам дамуынан алға озып, кейде кейін қалып отырған. Өкінішке қарай, рухани мәдениеттегі осы заңдылық Кеңес дәүірінде біржақты қаралып таптық тұрғыдан ғана бағаланды. Сол себепті рухани мұра үстем таптікі және кедей таптікі деп, жасанды түрде екіге белінді де, оның біраз белігі жиналмай, зерттелмей қалды. Соның салдарынан өмірден ғайып бола бастады. Енді осы олқылықты жойып халқымыздың мол мұрасын, фольклорын, дәстүрі мен салттарын және санғасырлық әдебиетін бөле-жармай зерделеу мүмкіндігі туып отырған сияқты. «Сияқты» дейтініміз – бұл жұмыс әдеттегідей, науқанға айналып кете ме деген қаупіміз ауыр болса да айтайық, біз, қазақтар, бір нәрсені талап етіп бастаймыз да, ұзаққа бармай, мықтағанда 1-2 жылға созамыз да баяғы бәз қалпымыздың қайта түсеміз. Мәселен, тарих жылы, мәдениет жылы деген кездері ел-елге экспедиция жіберген болдық, материал жинаған болдық. Алайда, сол жұмыс аяқсыз қалды. Жиналған материалдар бір жерге топтастырылмады, не нәрсе екені анықталмады, жүйеленбеді, жарияланбады ғылыми айналымға түспеді. Ұстаганның қолында, тістегеннің аузында кеткен тәрізді. Бұлай болуының бірнеше себебі болды. Біріншіден, экспеди-

цияғылыми негізде, жоспарлы түрде жасақталмады. Екіншіден, экспедиция құрамына маман-ғалымдар енгізілмеді, көбінесе «сауаты бар болса – жарайды» деп маманданбаған адамдар кірді. Үшіншіден, қандай материал жинау керектігі, текстерді қалай жазып алу методикасы айтылмады. Төртіншіден, жергілікті атқару мекемелері бұл істің маңыздылығына жете мән бермей, формальді қарап, кейбір экспедиция ойдағыдан болмады. Ал, атқару мекемелері бұрынғыша рапорт беруге тырысты. Міне, осы жағдай қайталаңбаса екен. Ол үшін, біздіңше тәмендегі шарттарды және шараларды ескеріп жүзеге асыру қажет.

Қолжазбалар қорынғылыми негізде жүйелеу керек

Президент ұсынып отырған «Мәдени мұра» бағдарламасын орындау мерзімі 2-3 жылмен шектелмей үзақ мезгілге жоспарланғаны жөн. Есқі әдетке баспай, асықпай-үсікпей, науқандатпай, тазағылыми негізде жүйелі бағдарлама жасап, соны әр жылға есептеп, кезең-кезеңімен істеу керек. Аталған бағдарлама бойынша Президент көрсеткен үлкен-үлкен 4 мәселе бар. Жинақталып аталған осы мәселелерді таратып айттар болсақ, мынадай кешенді іс-шаралар жүзеге асырылуға тиіс деп ойлаймыз.

Өткен ғасырларда жиналған қолжазбалар мен жазылып алынған алуан түрлі шығармалар мен әдет-ғұрыптар, ән мен қүйлер бар. Олар әр мекемеде әр түрлі жағдайда сақталуда, әр түрлі мақсатта пайдаланылада. Соның бәрін бір арнаулы мекемеге топтастырып, ғылыми негізде жүйелеу керек. Мұның өзі бірнеше процесті қамтиды: қолжазбаларды қалпына келтіру (реставрация), ғылыми сипаттамасын жасау (научное описание), үзақ мерзімге сақтау (консервация) жұмыстары. Бұларды орындау үшін арнайы режимі, тұрақты температурасы, мәлшерлі ылғалы, т.б. бар жағдай қажет. Оның үстіне қолжазбаларды «емдеу», жәндеп, қалпына кептіру үшін неше түрлі химикат, «дәрі-дәрмек», арнаулы сұйық заттар болуға тиіс. Былтыр Иранға барғанда, осының бәрін көріп, таңқалдым әрі қызықтым. Бір ғажабы – оларда осындай шаруамен шұғылданатындар – кілең жастар. Демек, біз де қолжазба мен есқі кітаптарды жәндейтін, емдейтін мамандар дайындауымыз керек. Белкім, мамандарды сол Иранға, не басқа елге стажировкаға жіберу арқылы даярлау қажет шығар.

Қолжазба қалпына келтірілгеннен кейін ғылыми түрғыдан сипатталуы керек. Оның шарттары бар. Сипаттама біткен соң ол қолжазбаны үзақ сақталуы үшін «дәрілеп», жәндеп,

консервациялау қажет. Содан соң оның көшірмесін жасау – міндепт. Осыдан кейін ғана көшірме бойынша жұмыс істеп, қолжазбадағы немесе ескі кітаптағы мәтінді жарыққа шығаруға, я болмаса зерттеуге болады. Әрине, жариялау үшін әуелі ғылыми текстологиялық жұмыс жүргізген жөн.

Міне, осы айтылғандардың көшілігін М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жүзеге асыруда. Институттың Қолжазба және текстология орталығында мындаған қолжазба, ескі кітап және музыкалық жазбалар сақталуда. Қызыметкерлеріміз қолжазбаларды қалпына келтіру, сипаттау, мәтіндерді текстологиялық түрғыдан талдау мен жариялау ісін ойдағыдай атқаруда. Мәселен «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» деген 6 том өнбек жарық көрді, 7-ші томы баспада жатыр. Сондай-ақ «Қазақ халық әдебиеті» атты ғылыми-көшілік сериямен 14 том жарыққа шықты, т.т. Ендеше, мол қоры, мамандары, тәжірибесі бар Институттың осы орталығын кеңейтіп, республикадағы қолжазбаларды осында топтастырсақ, біраз шаруа тындырылатыны күмәнсіз.

Басты мақсатымыз – барша итіліктерді игеру

Қолжазбалар мен ескі кітаптардағы мәтіндерді жарыққа шығару — мәдени мұраны сақтау ғана емес, сонымен қатар елге таратып, қоғамның кәдесіне жарату және ғылыми айналымға енгізу деген сөз. Осыны ескеріп, біздің Институт «Бабалар сөзі» атты сериямен қазақ фольклорының 100 томдық академиялық жинағын даярлап, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық көлісім мінистрлігінің жәрдемімен жарыққа шығаруды көздел отыр. Осымен қатар мәтіндерді электрондық жинақ ретінде сақтауды да ойластырып жатырмыз.

Институтта тек қолжазба мен ескі кітаптар ғана жинақталмаған. Бұлармен бірге XX ғасырдың 50 жылдарынан бастап жазылып алынған жүздеген ән мен күй бар. Оларды да келер үрпаққа сақтау үшін лазерлі дискіге көшіріп жатырмыз. Келешекте «Қазақ музыкасы» атты бірнеше томды қамтитын антология жасасақ дейміз.

Мәдени мұрамыз – тарихымыздың күесі әрі айнасы. Олай болса, ел арасында әлі сақталып жатқан қолжазбалар мен ескі кітаптарды жинастыру, сондай-ақ, айтылып жүрген халық әндері мен өлеңдерін, орындалып жүрген күйлер мен жырларын, т.б. мұралық дүниелерін жазып алу, бір жағынан, ұлттымыздың мұрасын сақтау үшін, екінші жағынан, оны білу, пайдалану, сейтіп, бүгінгі мәдениеттің қажетіне жарату үшін,

үшінші жағынан, ғылыми мақсатта талдап, зерттеу үшін аудай қажет шаруа. Ал, мұны ойдағыдан орындау үшін жыл сайын әр облысқа жоспарлы түрде мамандардан жасақталған арнаулы экспедиция шығарып тұру керек. Экспедиция комплекті болуы шарт: оның құрамында фольклорист, этнолог, музыкатанушы, суретші, телеоператор сияқты мамандар жұмыс істеуі шарт. Әр облысқа кезек-кезек жіберіп, жан-жақты зерттеудің нәтижесінде Қазақстанның фольклорлық картасын жасауға болады. Бұл – рухани мұрамыздың қай түрі қай облыста қалай сақталғанын жөне зерттелгенін көрсету әрі мұраны зерделеудің келешектегі бағыттары мен аспектілерін жетік білу деген сөз.

Мұраны сақтаудың озық түрі – CD-ROM

Кезекте тұрған зәру шаруаның бірі – шетелдерде тұратын қазақтардың мәдени мұрасын жинап, көлешек үрпаққа жеткізу. Бұл іс бізде жүйелі түрде жүрмей жатыр. Әркім әлге барып, езінше бірдене жинаған болып, тапқанын әкеліп, малданып жүр. Ал, қазақ диаспорасының фольклоры мен ән-күйлерін, салт-дәстүрлерін, қолөнерін анықтап, зерттейтін білгір мамандардан құрылған арнаулы экспедиция шығып көрген жоқ. Әрине, қаржы мен шама жетіп жатса, Қазақстанның өз облыстары мен қатар шетелдерге де комплекті экспедиция жасақтағанға не жетсін?! Ерте ме, кеш пе, әйтеуір, бұл жұмыс істелуге тиіс.

Жалпыхалықтық мұраны сақтаудың қазіргі замандағы ең үздік әрі озық формасы – CD-ROM-ға (Сидиромға) түсіру. Мәселен, Египетте қасиетті Құран түгелімен осылай көшіріліп, қолдануға да, сақтауға да қолайлы жағдай жасалған. Тұптің түбіндегі, қолжазбадағы да, кітаптағы да текстерді лазерлі дискіге, CD-ROM-ға көшіру қажеттігі – бәрібір алдымыздан шығады, сондықтан бұл жәйтті осы бастан ойластырған жөн сияқты.

Президенттің Жолдауында аса бір маңызды мынадай ұсыныс бар. «Ұлттық әдебиет пен жазудың санғасырлық тәжірибесін қорыту және кеңейтілген көркем, ғылыми, өміrbаяндық дестелер жасау». Бұл міндетті орындау – оңай шаруа емес. Әсіресе, ұлттық әдебиет пен жазудың санғасырлық тәжірибесін қорыту, біріншіден, теориялық білімі жоғары мамандарды, екіншіден, айттарлықтай қаржыны, үшіншіден, біраз уақытты талап етеді. Қазақ әдебиетінің тарихы кеңес кезінде де жазылған болатын. Бірақ ол тұста көп дерек қамтылмады, шынайы ой айтылмады. 1937, 1950 жылдардағы «ұлтшылдықпен құресу» науқанынан кейін ғалымдар объективті занылдықты айтудың орнына партияның сөзін сейлеп, ездерінің ойын ашық айтудан қорықты. Оның үстіне

отаршылдық саясаттың ырқымен жүріп, қазақ әдебиетінің тарихы тек XVIII ғасырдан басталады деген концепциямен жазылды. Сол 6 кітаптан тұратын әдебиет тарихының шыққанына да 40 жылдай уақыт болды. Содан бергі замандағы әдебиеттің тарихи даму жолы тыс қалды. Ең бастысы, Қазақстан – тәуелсіз дербес мемлекет болды, коммунистік идеология өмірден кетті. Енді өз тарихымызды, өз әдебиетімізді, фольклорымыз бен өнерімізді ешкімге жалтақтамай, қазақ көзімен қарап, қазақтың мүддесі түрғысынан зерттеу мүмкіндігі туды, Мәдени мұрамызды да, осы күнгі мәдениетімізді де объективті түрде зерделеу, олардың даму тарихындағы, бүгінгі хал-жәйындағы заңдылықтарды ашық айта алатын халге жеттік. Міне, осының бәрін ескере отырып, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихын» және 3 томдық «Өнер тарихын» жазуға кіресті. Межелеген мезгіліміз – 2005 жыл.

2003 ж.

НАРЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

Адам баласының ғасырлар бойы қалыптасқан табиғи тіршілігін революциялық жолмен өзгертіп, елді рахат өмірге жеткізуге болады деген қиялды артқа тастап, күллі адамзат жүріп жатқан жолға түсіп, қолдан жасалған емес, ежелден орнықкан нарықтың өмір салтына көшкенімізге 10 жыл толып отыр. Осы мерзім ішінде қуантқан жетістіктеріміз де, опық жегізген кемістіктеріміз де аз емес, бәрі көз алдымызда өтті, етіп жатыр.

Совет түсында дүниенің бәрі мемлекеттік болып, жүрттың санасында жеке меншіктік психология жойылып, адамдардың бір-бірімен байланысы, адам мен қоғамның, қоғам мен мемлекеттің қатынасы таза нарықтың негізде бола алатынын, болуға тиіс екенін ешкім ескермейтін, тіпті ол туралы ойламайтын да, ойланбайтын.

Тәуелсіздікке қол жеткелі бері жүргізілген саяси, экономикалық, әлеуметтік реформалар қазақ халқының өмірін нарықта бағыттады. Жетпіс-сексен жыл бойы мемлекетке сеніп, масылдыққа бой алдырған жүрт алғашқыда абдырап та қалды, қалай жекеше өмір сұрудің, жеке шаруашылық құрудың, өз өндірісін ашудың, қажетті қаржы табудың, тіпті күндегі тіршіліктің қиуын келтірудің жолын таба алмай қиналды.

Құдайға шүкір, қазір елдің басым көшілігі ауылда да, қала-да да нарыққа бейімделе бастады, ел мемлекетке емес, өзіне сенетін болды, демек, ел санасында нарықты, оның шарттарын түсіну бар. Соның арқасында шагын және орта бизнеспен шұғылданған қазақ азаматтары көбеюде, жеке шаруашылық үйімдестірғандар да баршылық, өндірістік саланы да менгергендер жоқ емес. Осының бәрі Қазақстанда көпқырлы (многоукладный) экономиканың пайда болғанын айғақтайты, қоғамның, қазақ елінің нарықтық қатынасқа біржолата бет бұрғанын көрсетеді, халық санасындағы жаңа түсініктер орнығып жатқанын дәлелдейді. Бұл экономика мен тұрмыстағы өзгерістер тұрақты және оңды сипат ала бастағанының белгісі.

Ал, рухани салада қандай өзгерістер бар, қандай процесстер жүріп жатыр? Рухани өмірімізде, әдебиетімізде, өнеріміз бен мәдениетімізде нарықтық қатынасқа бейімделу бар ма? Шығармашылық адамдары мен қайраткерлеріміз нарық заңдары мен шарттарын қаншалықты игерді, нарық жағдайында өнімді де тиімді енбек ету әдістерін, амалдарын тапты ма? Мұндай сауалдар көп. Солар төнірегінде біраз ой қозғап, пікірімізді ортаға салуды жөн көрдік.

Өкінішке қарай, руханият әлемінде түбегейлі нарыққа бет беру экономика саласындағыдай емес. Оның объективті де,

субъективті де себептері бар. Ең бастысы – нарықта басқа мәдени үрдіс болатынын, мәдениеттің, өнер мен әдебиеттің міндет мақсаты, түр-сипатты өзгеше екендігін, сол себепті руханиятқа деген көзқарас біздің осы құнға дейінгі түсінігімізден басқаша қалыптасатынын ескермеу немесе білмеу.

Нарықтың негізгі шарты – бәсеке. Бәсекеге тұсу - өзінің мүмкіндігінді, қабілетінді, таланттыңды барынша пайдалану. Олай болмаған күнде бәрінен құр қаласың. Мұндай халге түспес үшін нарықтық қоғамда көпқырлы экономика болатыны сияқты руханият саласында да көптүрлі, әрқылы, совет дәуіріндегі біздің ұғыммызыдағыдан бөлек мәдениет болатынын мойындар, соған сәйкес тірлік істеу қажет. Совет мемлекетінде мәдениет тек қана идеологиялық қызмет атқарғандықтан сырттай монолитті болып көрінетін, ал шындығында ол біртұтас емес, сынаржақ еді. Совет халқы «біртұтас, таптық айырмасы жоқ» қоғам болғаны тәрізді мәдениетте сондай болуы керек деп ойладық. Бәріміз шығармамызды, туындымызды социалистік реализм шартына сай етуге тырыстық, сейтіл «бірыңғай, мазмұны социалистік, түрі үлттық мәдениет» жасауға атсалыстық. Соның нәтижесінде көптеген роман, повесть, поэма, фильм, сурет, симфония, спектакль, т.б. шығармалар туып, олардың біразы өте жоғары баға алды, ал авторлар биік деңгейде марараптады. Шынын айту керек, олардың ішінде класикалық дүниелер аз болған жоқ және көптеген авторларымыз берін орындаушыларымыз, әсіресе әншілеріміз, суретшілеріміз, композиторларымыз, жазушыларымыз өз таланттың көрсете алды.

Ресми идеологияның құралы болғандықтан әдебиет пен өнер мемлекет пен партия тарапынан үлкен қамқорлыққа бөлениді, соның арқасында профессионалды әдебиет пен өнер қалыптасты, көркем шығармашылықты құнқөрістің құралына, кәсіпке айналдырған жазушылар, композиторлар, суретшілер, режиссерлер пайда болды. Бұл заңды еді. Өйткені адам санасын, ойын қадағалап, пікірін түмшалап отыратын тоталитарлық мемлекетте қай заманда да осылай болған. Тоталитаризм руханиятты ауыздақтап отыруға мүдделі болғандықтан бұл саладағы қайраткерлерді өзінің идеологиясын жүргізуі күш ретінде пайдаланады, сол себепті оларға барынша жағдай жасайды, ал айтқанына көнбекенді қудалайды, дарға асады, өртейді, атады. Өз идеологиясын жүйелі әрі кең тарату үшін, мәселен, советтік тоталитаризм ақпарат құралдарын бақылауға алды және алуан түрлі шығармашылық одақ құрып, солар арқылы компартия шешімдерін ел санасына сіңіріп отырды. Негұрлым одақтың мүшесі көп болса, солғұрлым

жақсы деп бағаланды. Бір ғана біздің Жазушылар одағында сексенінші жылдары 600 мүше болуы – соның бір көрінісі.

Мемлекеттен қаржыланған шығармашылық одақтың мүшелері партия мен үкімет нені талап етсе, соны жазды. Композиторларымыз да, суретшілеріміз де, кинематографистеріміз де солай еді. Мұндай жағдайда ой еркіндігі қайдан болсын? Бүкіл мәдениетте де ешқандай плюрализм белгісі болған жоқ. (Н.Хрущевтің Э.Неизвестныйға ұрысқанын еске алайық). «Ақша беріп отырған - мен, айтқанымды істейсің!» – деген талап өз нәтижесін берді.

Нарық заңы қатал. Нарыққа көшкен мемлекет идеологиялық емес, нарықтық ұстанымдарды тірек етеді, мұны экономикалық заңдылықтар талап етеді. Осы жағдай біздің елге де келіп, орнығып жатыр. Нарық заңдылықтары мен шарттарын жүзеге асыру барысында біздің тұрмысымыз тәмендеп кеткені белгілі. Сонымен бірге қалыпты рухани тіршілігіміздің бұзылғаны да рас. Осыны көрген қайраткерлеріміз дабыл қағып, мемлекет тарапынан нақты қаржылай қолдау мен қамқорлық болуын талап етуде.

Қазіргі біздің рухани өмірімізде де күрделі әрі қайшылықты процестер жүріп жатыр. Бір жағынан, совет жылдары репресияға ұшыраған ақын-жазушыларымыздың шығармалары жарықта шығып, мәдени, әдеби-эстетикалық ой-өрісімізді кеңейтіп, елдің рухын көтеруге үлес қосып отыр. Екінші жағынан компартияның, мемлекеттің ымырасыз атеистік және отарлық саясатының кесірінен тыйым салынып, ұмыт болған тарихи-мәдени құндылықтарымыз халыққа қайта оралып, жүрттың тарихи санасын оятуда. Үшінші жағынан, Батыс Еуропа пен Американың көркемдік, эстетикалық сапасы тәмен деп саналатын әндері мен фильмдері, поп-музыкасы мен әртүрлі «бұқаралық мәдениеті» кең тарап, жастарға айтартылған ықпал етуде. Төртіншіден, экономикалық және моральдық-психологиялық күйзеліске түсken таланттарымыз бен қайраткерлеріміз мәдениет нарығына (рынок культуры), шығармашылық бәсекеге түс алмай отырған себепті жаңадан классикалық дүниелер туғызбай отыр, соның салдарынан сырттан келген «өнерге» қарсы тұра алатын, оларды ығыстыруға қабілетті шығармалар аз болып тұр.

Осындай жағдайды басынан кешіріп отырған руханият, әлбетте, өзіне жаңаша қарап, соны көзқараспен түсінуді қажет етеді. Ең алдымен айтатын нәрсе – «мәдениет, әдебиет пен өнер түсінікті болуы керек» деген ұғыммен қатар «оларды түсіне білу қажет» деген қағида орныққан абзal. Сонда ғана біз әдебиет пен өнерге өзіміздің қалыптасқан түсінігіміз бен ой-өрісіміздің тұрғысынан ғана қарап, оларды өзіміздің біліктілік деңгейіміз-

ден бағалаудан арылар едік, оларға түсініктікпен қарап, қай шығарманы болса да түсінуге тырысар едік. Егер осы шарт жузе-ге асса, біз нарықтық қофамдағы мәдениеттің әрқиыл болатынын, қофамдағы әр топ, әр қауым өзінің түсінік-пайымына лайық, эстетикалық талап-талғамына сәйкес шығарма тудыратынын, яғни, өз мәдениетін жасайтынын түсінген болар едік.

Қазіргі біздің қофамда өртүрлі өлеуметтік топ бар. Олардың әдемілік туралы пайымы, эстетикалық талғамы әр алуан. Соған сәйкес, бір қофам, бір мемлекет ішіндегі әр топ, әр қауым мәдениетті, өнерді өзінше түсінеді, өзінің қалауынша өн мен музыка шығарады, оны орындаиды, жұртқа таратады. Сөйтіл, әр топтың өз мәдениеті қалыптасуда. Мәселен, өлеуметтік тәменгі сатыдағы топ үшін түрме әндері мен бақытсыз тағдыр туралы шығармалар операдан да, балеттен де, әдеткі жеңіл эстетикалық өнерден де жоғары. Ал, жастарымыз эстрадада, дискотекада орындалатын динамикалық, ырғақты өуендерді сүйеді. Осында «бұқаралық мәдениеттің» қай-қайсысында да, әсіресе поп-музықада, шлягерде біздің дәстүрлі түсінігімізге симайтын үрдіс басым: өлең сөзінен гөрі өуенге, ырғаққа мән беріледі. Сондықтан бізге ол шығармалар мәнсіз, көркемдігі тәмен болып көрінеді.

Мәдениет те, эстетика да қофаммен бірге, дәуір талабына сай өзгеріп отыратыны белгілі. Әр үрпақ өз уақыты мен талғамы талап ететін өнер туғызады (былайша айтқанда, киім модасы сияқты). Мысалы, 1960-70 жылдары шырқалған вальс ырғағындағы әндерді сол кездегі үлкен буын ағалар мен атапарымыз онша жақтырмай, біздерге ренжіп жүрді. Соған қарамастан Ш.Қалдаяқовтың, Б.Жамақаевтың, Ә.Бейсеуовтің, І.Жақановтың, т.б. композиторлардың вальстері көпшіліктің көңілін баурап алды. Қазіргі аға және орта буындағы азаматтар әлі күнге дейін осы әндерді айтады, жастарға соларды орында дейді, ал бүгінгі модаға айналған ритмді, құмылды қажет ететін өуендерді ұнатпайды. Сонда олар музыка да, поэзия да өзгеретінін ескермей ме? Өздері жас шағында қазақ ұғымы мен эстетикасында жоқ вальсті қабылдан, шырқап та, билеп те жүрді ғой, оны жатсынған жоқ. Ендеше, неге бүгін біз, аға және орта буын өкілдері, жастарға сол 60-70 жылдардағы, тіпті одан да бұрынғы ән-күйді, өуен-биді тықпалаймыз? Жас үрпақ та өзінше түсініп, өзінше ойланғысы келетіні сияқты, өнерді де, әдебиетті де өзінше түсініп, өзінше пайдалануға тырысады ғой! Егер біз жастарға игі тәлім бергіміз келсе, енді соларға ұнайтын, солардың қажетін етейтін шығармалар туындауымыз керек. Сөйтіл, шеттеп келіп жатқан өнер дүниелерімен бәсекеге түсіп,

олардан асып кете алсақ, жастар біздің ыңғайымызда болары анық. Мұндай іс-әрекеттің бастамасы да бар. Мәселен, «Хабар» телеарнасы шығарған «Перекресток» («Тоғысқан тағдырлар») телесериалы, «Бауыржан-шоу» театрлының, сондай-ақ қазақ жігіттері мен қыздары құрған кейбір эстрадалық топтардың («Үркөр», «АБК», «Қарнакөз» т.б.) концерттік бағдарламалары – біздің мәдениет нарқына бет бүрғанымыздың көрінісі деуге болады.

Әрине, бұл жерде қаражат мәселесі көлденең тұрады. Нарықтық бәсекеге тұсу үшін қаржы керек. Оны кім береді? Бұрынғыдай мемлекетке қол жаю керек пе? Онда баяғыдай үкіметке кіріптар болып, мәдениет ресми сипат алады да, жалтақ болады, сейтіп шығармашылық еркіндіктен айырылады. Мемлекеттен қаржыланған өнер мен әдебиеттің совет тұсында қаншалықты «еркін» болғанын білеміз. Оның үстіне нарыққа көшкен мемлекет руханиятта да нарықтық занның орнығын талап ететіні тағы бар. Капиталистік елдерде, тіпті дамыған мемлекеттерде профессионалдық әдебиеттің болмауы содан. Оларда жазушылық - көсіп емес, хобби. Шығармашылықпен шұғылданатын адамдар, әдетте, өздерінің ісі, белгілі бір көсібі, өндірісі, дүкені, т.с. шаруашылығы бар жандар. Олар көркем шығармашылықпен таланттың көрсету үшін қолы бос уақытта айналысады. Мұндай жағдай түптің-түбінде бізге де келеді, нарық соған әкеледі. Ендеше оған осы бастан даярланған жөн. Ол үшін әдебиетті де, өнерді де нарықтық қатынасқа көшіру керек.

Совет заманында біз мәдениетті коммерциялауға қарсы болдық, оны таза идеология саласы деп түсініп, қандай да болсын экономикалық түрғыдан бағалауды теріс деп үқтых. Ал, енді, бүгінгі таңда, нарық жағдайында мәдениет те бизнестің бір түрі екеніне көзіміз жеткендей. Демек, әдебиет пен өнердің туындыларын бір жағынан, товар деп түсінген абзал, олардың да нарқы болатынын, нақты құны бар екенін білгеніміз жақсы. Олай болса, әр автор өз шығармасын нарық талабына да сай етуге тиіс. Ол туындысын кімге, қай топқа, қай қауымға бағыттауды білуғе міндетті. Әр топтың, қауымның талғам-талабы әртүрлі болғандықтан шығарманың көркемдік, эстетикалық сапасы да әрқилы келеді. Сөз жоқ, бұл жағдайда автордың таланты мен мүмкіндігі де көп роль атқарады. Бірақ ол бәрібір мәдениет нарқын (рынок культуры) жақсы білуғе, оны үнемі бақылап, зерттеп отыруға тиіс. Сейтіп, ол өз таланттын, туындысын бәсекеге салады, товар ретінде нарыққа ұсынады. Алайда, мұндай халге жету үшін, яғни, нарыққа, бәсекеге түсे алатын, онда жеңіп шығатын дүние жасау үшін қаражат керек. Оны қалай табуға болады?

Меценаттыққа үміт артуға болар ма еді? Өкініштісі сол – біздің бизнесмендер өлі қомақты капитал жинап үлгерген жоқ, олар енді ғана байып жатыр. Сондықтан «жаңа байығаннан ақша сұрама» демекші, оларға ауыз ашудың реті жоқ. Соңғы 2-3 жылда олардың демеушілік жасап, мәдениетке жаңы ашитынын көрсеткендеріне раҳмет айтуымызға болады. Бірақ бұл өлі – меценаттық емес. Меценаттық шын мәнінде - өнерге, ғылымға, әдебиетке тұрақты түрде қаржы бөліп, олардың басқа да проблемаларын шешіп отырыу. Ірі меценаттар кітапханалар мен сурет галереяларын ашқан, театр ұстап, артистерді қамтамасыз етіп отырған. Біз өлі ондай жағдайға жете қойғамыз жоқ. Ондай меценаттық осы күнгі ірі бизнесмендеріміздің немере мен шеберелері нағыз капиталист-магнат болғанда орнығатын шығар.

Рас, меценаттар да әдебиет пен өнерге өз талабын қояды, авторлардан өз қауымының талғамына сәйкес шығарма күтеді. Демек, бұл ретте де мәдениет азат емес, өнер қайраткерлері шығармашылық еркіндікке толық бара алмайды. Сонда енді не істей керек? Қандай жағдайда талант иесі еркін бола алады? Біздіңше, мұның жолы біреу-ақ - таланттар өз туындыларын товар ретінде саудалай білуі керек, одан түскен қаржыны шығармашылыққа пайдалана білуі қажет. Екінші сезбен айтқанда, қаржы табудың амалдарын игеру керек. Айтальық, банктен кредит алып, оны шығармашылыққа жұмсау. Ал, көркем шығармашылық үшін кредит алушы мемлекет заңдастыруы қажет. Сол сияқты әдебиет пен өнер қайраткерлеріне шығармашылықпен шұғылдану үшін арнайы ссуда беруді де заңдастырсақ, құба-құп. Таланттарымыз кино, театр, т.б. басқа салалар бойынша ұсынылатын шетелдік гранттарға, конкурстарға қатысады да машиқ еткені дұрыс. Рас, шетелдік қоғамдар біздің шығармашылық одақтарға бұрынғы компартияның идеологиялық құралы деп қарайды да, көбінесе біздің ұсыныстарымызға теріс жауап береді немесе қабылдамайды. Шынын айту керек, совет өкіметі тұсында құрылған шығармашылық одақтар мен үйімдар қазіргі таңда анахронизм болып отыр. Оларды осы заманың талабына сай қайта құру керек сияқты. Нарық заманында бұрынғыдай тек көркем шығармашылықпен шұғылданып отыру мүмкін емес, келешекте ондай адамдар азаяды, ендеше «шығармашылық одақ» деген түсінік те, оның қызметі де өзгеруге тиіс. Шығармашылық одақ тараса, әдебиет пен өнер, мәдениет дамымай қалады деген ой - үстірттік. Олар ендігі заманда басқаша сипат алып, өзіндік өмір сүреді. Мәдениет пен әдебиет социалистік жүйе орнағанға дейін өуелі жеке адамға, сол арқылы қоғамға қызмет еткен. Мемлекеттің, яки болмаса бір партияның

сойылсын соқпаған. Бүкіл қоғам мұддесін көздегендіктен олар көптүрлі, көпқырлы, яғни, қоғамдағы әр топ пен таптың, қауымның мәдени, әдеби сұранысын орындаған. Мысалы, опера мен балет өнері, негізінен, жоғары мәртебелі топтың сұранысына жауп берген. П.И.Чайковскийдің «Ұйқыдағы ару», «Аққү келі» сияқты шығармаларын орыс мұжығы қажетсінген емес. Оның есесіне, шаруа өзінің «Петрушка» сияқты театрын, қарапайым елеңдерін, әні мен билерін сүйсіне орындаған, тындаған. Сол тәрізді қазақ даласында да совет әкіметі орнағанға дейін әдебиет, әсіресе өнер нарық шарттарына сәйкес өмір сүрді. Тіпті алышқа бармай-ақ XX ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанның әр түкпірінде ойын-сауық құрған Қажымұқан, Иса, Майра, Балуан Шолақтардың өнеріне еске алсақ та жеткілікті. Жалпы, тұрпайыланған социализмге ұрынбай, табиғи өмір салтымен жүрген елдерде мәдениет идеологиялық мақсатта ашық түрде пайдаланылмайды, оларда әдебиет пен өнер жеке адамның тағдырын көрсету арқылы бір ғана партияға немесе тапқа емес, бүкіл қоғамға қызмет етеді. Сондықтан олардың фильмдері де, спектакльдері де, романдары да әр алуан топтың сұранысына сәйкес болып келеді де, көркемдік сапасы мен мазмұны жағынан әрқылы шығады. Әрине, жоғарғы топтағы буржуазия мен аристократтар үшін жасалған дүние мен бұқараға арналған шығармалар қай жағынан да бір-бірінен алшақ. Мұны авторлар жақсы біледі, сол себепті олар өз туындысының көрмермені мен оқырманы кімдер екенін естен шығармайды, яғни, олар мәдениет нарқын жіті бақылап отырады.

Біздің жағдайымыз әлі мұндай дәрежеде емес. Ең әуелі бізде әдебиет пен өнерді идеологиядан арылту (деидеологизация культуры) мәселесі әлі толық шешілген жоқ. Мәдениет саласындағы мемлекеттік басқару мекемелерінің қызметкерлері жазуышылардан, өнер қайраткерлерінен, қазіргі заманды, бүгінгі өмірді, осы күнгі адамды бейнелейтін шығармаларды тудыруды талап етуі де мүмкін. Мұндай талаптың аржағында мәдениетті, әдебиет пен өнерді әлі де тек идеология деп түсіну, оларды тек идеологиялық құрал деп бағалау жатқаны байқалады, демек, оларды ең бірінші кезекте сол мақсатта пайдалану әрекеті сезіледі.

Әдебиет пен өнерді тек идеология деп түсіну – біржақтылық. Егер ақықатына жүгінсек, әдебиет пен өнер – ең алдымен эстетика әлемі екенін айтуда тұра келеді, олардың табиғи қасиеті – адам сезіміне әсер ету ғой, содан соң ғана белгілі бір топ, партия оларға идеологиялық мән береді, яғни, нақты бір сыртқы мұддеге бағындырады.

Бесенеден белгілі бұл қағиданы айтудың тағы бір себебі – авторларымыз берілген олардың туындыларын зерттейтін ғалымдарымыз берілген сыншыларымыздың көбінің сол есکі түсініктен шыға алмай журуі. Нарықтық қоғамда әдебиет пен өнер бұрынғыдан таза идеологиялық қызмет атқара алмайды, олар көбінесе сейілдік (развлекательный) және қызықтаушылық мақсатта жасалады, өйткені қоғамдағы әр топ пен әр қауымның әлеуметтік статусы ғана емес, сонымен бірге эстетикалық талғамы мен мәдени сұранысы да, өнерге деген көзқарасы да әр басқа. Олай болса, дүниеге әртурлі көркемдік деңгейде жасалған, әртурлі мақсат көздеген шығармалар келуі – заңды. Ал, мұның өзі мәдениетте, әдебиет пен өнерде идеялық, эстетикалық, көркемдік плюрализмді орнықтырады. Соның арқасында қоғамда бірізді, бір идеялы, бір тақырыпты емес, әр алуан көзқарасты, керекар идеяларды көрсететін әр сипатты шығармалар қатар өмір сүрп жатады. Осындай жағдай бізге де келе жатыр.

Қазіргі ғаламдану (глобализация) заманында, біртұтас әлемдік ақпарат кеңістігінде жүрген шақта шетелдік өнер мен мәдениеттің ықпалынан аман қалу мүмкін емес. Әрине, шетелдік дүниенің бәрі бірдей түкке тұрғысыз дей алмаймыз. Өкінішке қарай, бізге Батыс Еуропа мен Американың классикалық өнері көптеп келмейді, көпшілікке жетпей жатыр. Есесіне, қарақшылық жолмен келіп жатқан зорлық-зомбылықты, қара күшті дәріптейтін видеокассеталар мен видеофильмдер әр үйге теледидар арқылы еніп жатыр. «Бөлөнің бәрі Батыстан келіп жатыр, қазакты телевизор бүлдіріп жатыр!» – деп шошуымыз осыдан. Турасын айтсак, телевизор емес, біздің БАҚ туралы заңымызға осыны тежейтін бапты келістіріп, оның орындалуын қатаң бақылау жетіспей отыр! (Бұл арнайы сез ететін мәселе).

Шеттен келіп жатқан дәрекі мәдениеттің соқыр жетегінде кетпес үшін өз мәдени үрдісімізді қалыптастыруға қүш салсақ. Ол тек үлттық шенбөр аясында ғана емес, өзіміздің озық өнеріміз берілген шетелдің үздік мәдениетін үштастыру және үлттық мәдениетімізді, мәйегін сақтай отырып, заман талабына сай дамыта пайдалану арқылы қалыптаспақ. Ол үшін тезірек мәдениет нарығына ену, шығармашылық бәсекеге түсу қажет. Әрине, бұл – онай шаруа емес. Мәдениет күресіне, талант жарысына түсудің алғы шарты - ой азаттығы мен шығармашылық еркіндік. Екінші кезекте – қараждат пен құрал-жабдықтар. Көркем шығармашылық жарыста, өнер нарқында жеңіп шығу үшін сауатты менеджерлік әрекет те керек, яғни, шығарманы дұрыс насиҳаттап, саудалай білу шарт. Соңғысының қаншалықты маңызды екенін Ресей артисттері мен өз өнерпаздарымыздың ұтымды шыққан клиптерінен-ақ

байқауға болады. Мәселен, жастарымыз Рахат Тұрлыханов, Ерболат Құдайбергенов, Толқын Зәбирова сияқты өншілердің өнерін жақсы қабылдап, тамашалап жүр. Бұл – мәдениет нарқына, шығармашылық жарысқа қазақ жастарының да түсег алатынын көрсетеді. Негұрлым осындай дүние көп болса, соғұрлым жастар оған көңіл бөлмек, сол арқылы шетелдік поп-музыка, джаз, шлягер ығыстырыла түспек.

Ендеше, талантты авторлар мен орындаушылар мәдениет нарқына түсіу үшін олардың шығармасын қай топ, қай қауым жақсы қабылдайтынын зерттеп, оған сәйкес іс-әрекет жасайтын маман менеджерлер даярлайтын кез келген сияқты.

Осы тұста: «Оу, өзіміздің төл өнеріміз қайда болмақ, олар ана эстрадалық шоудың көлеңкесінде қалып қоймай ма?» - деген зандағы сұрақ тумақ. Меніңше, мынандай жағдайды ескермеске болмайтын секілді.

Әр дәүір, сол дәүірдегі қоғам өзіне қажетті мәдениет жасап, соны пайдаланады. Ал, қоғам алуан түрлі топтан, қауымнан, талтан тұратыны аян. Осы топтар мен қауымдар өз талғамына лайық мәдениетті қажетсінеді. Демек, бір қоғамда неше түрлі шағын мәдениет (субкультура) қалыптасады. Осындай жәйт бізде де байқалады.

Қазір бізде, аса күшті болмаса да, біршама буржуазиялық топ пайда болды. Бұл топ қолда бар нәрсемен ғана қанағаттанбайды. Ол, тұрмыс пен экономиканы өзгерткені сияқты, енді мәдениетті де, әдебиет пен өнерді де өзгертуге күш салады, сейтіп, өз талабы мен талғамына сай мәдениет жасайды. Соның бір айғағы ретінде Алматы мен Астанада зор салтанатпен өткен «Миллениумды», Ресей мен Батыс Еуропа өнерпаздары қатысқан үлкен эстрадалық шоуларды, сондай-ақ өлемге әйгілі өнер қайраткерлері қатысқан классикалық қойылымдарды айтуға болады. Айтылмыш өнердің, сөз жоқ, көркемдік-эстетикалық сапасы да, өсері де биік, әрі нарқы да жоғары. Оны жоққа шығару мүмкін емес және оны тұтынушыларды сөгудің еш реті жоқ, себебі бұл өнердің қайраткерлері де, оны тамашалаушылар да нарық заңына сай қимылдауда.

Буржуазиядан басқа топтардың да өз мәдениеті, өнері бар. Бүгінде орта дәрежелі ауқаттылар мен зиялды қауымның біразы өз мәдениетіміздің және шетелдік өнердің классикалық түрін қолдап, қызықтайты. Айталық, опера, балет, симфониялар, романстар, халық композиторларының өндері, көркем сурет көрмелері, музей...

Ал, біздің қоғамның негізін құрайтын қарапайым көпшілік – ең үлкен қауымның қызығып тамашалайтын мәдениеті –

халықтың төл өнері: айтыс, өлеңдер мен әндер, күйлер мен термелер, «Тамаша», «Бауыржан-шоу» секілді ойын-сауықтар, бәйге, күрес, т.б. Осы топтың мәдени сұранысын тап басып, ол қажетсінген дүниелерді өмірге келтіру - қасиетті борыш әрі міндеп. Халық мұрасын шығармашылықпен пайдалана отырып, осы күнгі талапқа, талғамға сай мәдениет жасау оңай емес. Төл өнеріміз бен мәдениетімізді жаңғырту мен жаңартудың, жандандыру мен жаңаша қолданудың әдісі мен жолдарын нарыққа сәйкестендіруге тиіспіз. Бұл бағытта істеліп жатқан және көвшіліктің қөзілінен шығып жүрген нәрселер жоқ емес, алайда бұл тым жеткіліксіз. Халық мұрасын дәл осы күйінде сақтап, сол күйінде орындау мен пайдалану бар да, оны бүгінгі үрдіске лайықтап, жаңғырта қолдануға да болады. Мысалы, осы күнде жастардың концерттерде, теледидарда домбыра мен скрипканы, қобыз бен рояльді жұптап ойнап, ежелгі ән мен күйді жаңа қырынан ашуы және халық аспаптарының музыкалық, дыбыстық, мүмкіндіктерін көрсетіп жүргені - құптарлық тәжірибе. Осы сияқты фольклорлық шығармалар негізінде кинофильм, телефильм, спектакль, балет шығаруға болар еді, алайда олар қазіргі талғам мен талапқа сай жасалмаса, нарықтық бәсекеге түссе алмайды.

Біздің қоғамда ең теменгі сатыда жүрген тол та бар. Оның да өз мәдениеті, әдебиеті мен өнері болады. Рас, олардың көркемдік сапасы тәмен, бірақ соған қарамастан тұтынушылардың мәдени қажетін өтейді. Әсіресе, үйсіз – күйсіз жүрген жандар, түрмедегі тұтқындар, алуан түрлі ұрылар мен алаяқтар үшін порнографиялық фильмдер, дәрекі әндер мен әңгімелер, абақты өмірін баяндайтын өлеңдер – «мәдени» ермек. Біз қалайық-қаламайық, бұл да өмірде орнын тапқан – бір шағын мәдениет (субкультура). Міне, осы топтың «мәдениетінің» кең тарағаны жөн, соның жолын қарастыру шарт. Соның біреуі, біздіңше - қалың көвшілікке үнайтын шығармаларды көбейтіп, бұқараны соған бұру. Мұндай дүниелер тудыру үшін авторлар мен орындаушыларға жағдай жасалып, белгілі дәрежеде қолдау мен көмек көрсетудің заңдастырылған түрлери іске асқаны абзal және оларға идеологиялық азаттық пен шығармашылық еркіндік берілуге тиіс.

Әлбетте, шығармашылық еркіндік пен идеологиялық азаттық авторлардың ойына не келсе, соны істеуі емес, керісінше, мемлекетте қабылданған заң шенберінде еңбек ету. Егер талант иелері нарық жағдайына лайық іс-әрекет істеп, көркем шығармашылық арқылы адамға, қоғамға қызмет етіп, мәдениетті дамытуға үлес қосып жатса, мемлекет те сырт калмас, йткені ол мәдениет пен өнердің, әдебиеттің қандай болуынай жади!

бағытта, қай жолмен дамитынына бейтарап қала алмайды. Сондықтан мемлекет мәдениеттің қай түріне басымдық беретінін, оны қандай ыңғайда қорғап-қолдайтынын, оған қалай көмек көрсететінін заң арқылы анықтайды, сол заң негізінде мәдениет саласындағы өз саясатын белгілеп, жүзеге асырады, соның төтіктерін табады. Қолдау мен көмек – тек ақша беру ғана емес, оның жолдары мен амалдары көп: ең бастысы – мәдениет пен мәдени мұра, әдебиет пен өнер туралы бүгінгі қалыптасқан жағдайға сай жаңа заң қабылдау, әрі ол заңда әдебиет пен өнердің туындысы, мәдени дүниелер – коммерциялық тауар бола алатынын бекіту...

Өз кезегінде суреткерлер де белсенділік танытуы қажет. «Піс, алма, аузыма келіп тұс, алма!» деп, мемлекетке ауыз ашып, қарап отыратын заман емес қазір. Көркем шығармашылықпен шұғылданам деген адам нарыққа бейімделіп, оның шарттарын меңгеруге тиіс. Ол өз шығармасы қай топтың, қай қауымның мәдени сұранысын өтей алатынын ерте бастан біліп алмаса, табысқа жете қоймайды. Яғни, шығарма адресті болуы керек. Айталық, композитор таланты жетіп, шығармасын классиканы түсінетін қауымға арнағысы келсе, онда ол опера, немесе балет, я болмаса симфония жазуы керек. Сол сияқты, өте шебер орындаушы әлемнің классик композиторлары дүниелерін нәшине келтіріп орындайтын болса, ол тыңдаушылардың кім болатынын күні бұрын білуге тиіс.

Қазіргі заманда көлемді роман мен повесть оқылмайды, үзақ хабар тыңдалмайды, сылбыр сонар фильм қызықтырмайды. Бірақ будан қоғамда рухани азғындау бар деп ойтуюғе болмайды. Бүгінгі жедел (интенсивті) даму жағдайында көпшілік уақытпен санасуға үйренді және көп ойланудан гөрі жылдам шешім қабылдауға бейімделіп жатыр. Бұқараның эстрадаға, телешоуға, тағы басқа тез жүріп, жылдам бітептін сейілдік өнер түріне көбірек көніл бөлуінің бір себебі осында. Қалың көпшіліктің өз талғамы мен талабы бар, сол себепті ол Шекспирдің пьесасынан гөрі өз ұғымына жақын, өзі жақсы көретін әншісінің концептіне барғанды тәуір көреді. Осы үшін қалың бұқараны «кітап оқуды қойды, классиканы білмейді, жеңіл-желлігі әуес, рухани кедейленіп барады» – деп жазғыру жән болмас. Сондай-ақ динамикасы мол, өте ырғакты би әуені мен орындауға қолайлы, әсем дауысты қажет етпейтін әндерді қалап жүрген жастарымызды «Батысқа еліктеп кетті, халық әнін тыңдамайды, шетелдік джазды сүйеді» деп сөгу орынды ма? Оларды да түсіне білу қажет сияқты. Жалпы менінше, бар гәп қазіргі нарықтық қоғамда көпқырлы экономика болатыны секілді

көптүрлі, әрсалалы мәдениет те болатынын, оның өмір сүрге хұқылы екенін мойындауда, оны түсініп, бағалай білуде болса керек.

Осы жерде тағы бір мәселе бой көрсетеді. Ол – шығарманы кім бағалап, оның көркемдік сапасын кім анықтайтыны және бұл істе басты критерий не болатыны. Совет түсінде басты критерий – шығарманың партиялылығы болды, яғни, туынды компартия идеологиясына сай ма, онда таптық және интернационалдық сипат бар ма деген ұстаным басшылыққа алынды. Сыншыларымыз бен ғалымдарымыз әр шығарманы осы түрғыдан қарап, авторларға ақыл айттып, кеңес берді, оларды я мақтады, я даттады.

Ал, енді бір қоғамда көптүрлі мәдениет қатар өмір сүріп жатқанда әр қауым мен әр топқа арналған шығарманы қалай бағалап, оның сапасын қай критерий бойынша анықтауымыз керек? Менің ойымша, қай топқа арналса да, шығарма ең әуелі бүкіл қоғам қабылдаған этика мен моральға қайшы болмауы тиіс. Сонымен бірге шығарманың құндылығы оның көркемдік сапасымен анықталса керек. Ал, көркемдік сапасы – адамға эстетикалық және эмоциялық өсерінің күш-куатымен өлшенбек.

Жалпы, болмысты – болмыс күйінде қабылдайтынымыз сияқты, сондай-ақ түрмиста әр адамның өз бүйімі, әр үйдің өз жиһазы болатыны төрізді, қоғамда әртүрлі топ, қауым бар екенін, олардың өз үгімі, өз дүниетанымы, соған лайық мәдениеті болуға тиістілігін және солай екенін заң жүзінде де, іс жүзінде де мойындау әрі соған сөйкес іс-әрекет жасау – өмірдің талабы секілді.

Әрине, бұл мақалада біз ортаға салған ойлардың біразы үлттық мәдениеттің тазалығы жайында жік-жапар болып жататын жүртшылықтың ортасында алуан-алуан пікір туғызатының қазірден-ақ болжап отырмыз. Алайда, мына бір жайдың басы ашық: бүкіл әлемді өзгерткен нарық қазақтың да, қазақтың жан дүниесін де, оның мәдениетін де өзгертуей қоюы мүмкін емес. Сол процесс жаңа ғана басталып келе жатқан қазіргі кезеңде біз өзгеріске түскен өмірге өзіміз бейімделмесек, өмір бізді өзінше бейімдеп алатының да есте ұстаған жөн сияқты. Ұақыттың қатал шындығы осыны түбінде қай-қайсымыздың да мойындауымызға мәжбүр етеді. Тек кеш қалмасақ болғаны. «Ай, қап!» – деп өкініп журмеуге шақырған ағаларымыздан алар бір тағылым осы.